

01-01-54-452
25 03 Ақтөбе

Ақтөбе қаласы №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешілері
Мұқашева Гүлсара Нысанбайқызы мен
Асан Ақмарал Алдабергенқызының
«Ұсақ моториканы дамыту арқылы сөйлеу тілін жетілдіру»
атты әдістемелік құралына

ПІКІР

Бұл әдістемелік құралда мектепке дейінгі білім беру мекемелеріндегі тәрбиеленушілер үшін тіл дамытуда саусак ойын жаттығуларының ұсақ моторикасын ойындар арқылы дамыту бойынша мәліметтер берілген. ойындардың түрлері жинақталған. Ойындар арқылы бүлдіршіндердің ойлау, сөйлеу қабілеттері дамып, зейіндері толығыады, таным түсінігі қалыптасып, білімдері кеңейеді. Түрлі заттар мен құбылыстарды тану арқылы адамдар арасындағы қарым-қатынасты сезінулері ойын әрекетінде жүзеге асады.

Жинақта балалардың ой-өрісін дамытуға, тілін жаттықтыруға, тіл байлығын арттыруға арналған ойын-өлеңдер, буын ұйкастарын қайталау, сөздерді қайталау, дыбыстарды анық айту, сұрақтарға жауап беру, суреттермен жұмыс жасау сияқты тапсырмалар суреттерімен беріліп отыр.

Сондай-ақ қолдың ептілігі, ритмикасы қозғалысын үйлестіру және нақтылығын жақсарту, жалпы қозғалыстық белсенділікті арттыру, сөйлеу функциясын тұрақты етуге көмектесуге септігін тигізеді

Бұл жинақ тапсырмаларын пайдалана отырып бөбектердің тіл дамыту қабілетін дамытып, сөйлеу деңгейін арттырып, шапшаңдылыққа, адамгершілікке, инабаттылыққа, сауаттылыққа тәрбиелейді.

Әдістемелік құрал бөбекжай тәрбиешілеріне көмекші құрал бола алады.

Пікір беруші:

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы
Ақтөбе облысы ҚДИ
кафедра меңгерушісі п.ғ.к.



Давлеткалиева Е.С.

Ақтөбе қаласы №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешілері

Мұқашева Гүлсара Нысанбайқызы мен

Асан Ақмарал Алдабергенқызының

«Ұсақ моториканы дамыту арқылы сөйлеу тілін жетілдіру»

атты әдістемелік құралына

ПІКІР

Ұсынылып отырған нұсқауда мектеп жасына дейінгі балалардың тілдерін дамытуда ән ырғағы мен саусақ ойын жаттығуларының ұсақ моторикасын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр - түсін және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйрету үлгілері берілген. Балабақшада балалармен саусақ ойын жаттығуларын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр - түсін және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым- қатынас жасай білуге үйретеді.

Саусақ ойындарын жүргізу арқылы балалардың саусақтарының қимылдары мен бұлшық еттерінің жетілуімен бірге, олардың сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері, ән ырғағымен айту мен жазу шеберлігін ойдағыдай меңгертеді.

Ойындардың түрлерін қолдану арқылы олардың өзара келісімге келуін, көңілін көтеруі жас ерекшеліктеріне сай олардың көзқарастарын, мінез-құлқын қалыптастыру құралы ретінде назарға алған.

Әдістемелік құрал мектепке дейінгі мекеме ұйымдарының тәрбиешілеріне көмекші құрал бола алады.

Пікір беруші:

«Мент ор» әдістемелік орталығының әдіскері



Нурбергенова С.Т.

«ӨРЛЕУ» БАҰО» АҚ ФИЛИАЛЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША КӘСІБИ ДАМУ ИНСТИТУТЫ
«MENTOR» ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

Мұқашева Г.Н., Асан А.А.

ҰСАҚ МОТОРИКАНЫ ДАМУҒА АРҚЫЛЫ
СӨЙЛЕУ ТІЛІН ЖЕТІЛДІРУ
(әдістемелік құрал)

АҚТӨБЕ
2025

ӘОЖ: 376.072
КБЖ:74.3

«Mentor» әдістемелік орталығының сараптау кеңесінің №1 хаттамасы шешімінің негізінде баспаға ұсынылды.

Пікір беруші:

Давлеткалиева Е.С. – «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Ақтөбе облысы бойынша Кәсіби даму институтының кафедра меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты

Нурбергенова С.Т. - «Mentor» әдістемелік орталығының әдіскері

Ұсақ моториканы дамыту арқылы сөйлеу тілін жетілдіру / әдістемелік құрал: **Мүкәшева Гүлсара Нысанбайқызы, Асан Ақмарал Алдабергенқызы** - Ақтөбе қаласы №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешілері. – Ақтөбе: «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Кәсіби даму институты / «Mentor» әдістемелік орталығы, 2025 ж. – 41 б.

Ұсынылып отырған нұсқауда мектеп жасына дейінгі балалардың тілдерін дамытуда ән ырғағы мен саусақ ойын жаттығуларының ұсақ моторикасын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр - түсін және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйрету үлгілері берілген. Балабақшада балалармен саусақ ойын жаттығуларын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр - түсін және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым- қатынас жасай білуге үйретелі.

© «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы
Ақтөбе облысы бойынша Кәсіби даму институты
«MENTOR» әдістемелік орталығы

КІРІСПЕ

Ұсақ моториканы дамыту жұмыстарын ерте сәбилік шақтан бастаған дұрыс. Омыраудағы баланың өзіне саусақтағы бас миымен байланысқан активті нүктелеріне әсер ете отырып массаж жасау керек. Баланың саусақтарының қимылы немесе ұсақ моториканың жақсы жетіліп дамуы, ол мидың және тілдің жетілуімен тікелей байланысты. Ұсақ және жалпы моториканы дамыта отырып, біз баланы мұқияттылыққа тәрбиелейміз.

Саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады. Сөйлеу тілі мүшелері әрекетінің қозғауларының дамуы қол саусақтарының нәзік қимылдарының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, бала қолының ептілігін толық жетілдіру, түзету-тәрбие жұмысын жүйелі жүргізуді қалайды. Саусақ ойынын балабақшада және үй жағдайында әсерлі, көңілді түрде ұйымдастыруға болады. Баланың тілі негізінен мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Бұл кезеңде ағзаның барлық бөліктері және жүйелері қарқынды дамып, баланың дене және ой дамуына қажетті қозғалыстағы таным іскерлігі қалыптасады. Мектепке дейінгі кезеңде қолдың ұсақ моторикасы мен қимыл-қозғалыстарын дамыту жұмыстары маңызды болып табылады.

Балалардың ұсақ қол моторикасын ойын арқылы дамыту

Ерте және мектепке дейінгі кіші жаста қарапайым жаттығуларды жасауда өлеңмен, тақпақпен ұйқастырылған жаттығуларды пайдалану ұсынылады. Сонымен қатар өзіне -өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру: қасық пен қарындаш ұстау, түйме тиегін өзі салып, өзі ағыту, бауын байлау, т.б. Өмірінің бастапқы кезеңінде баланың ұсақ қол моторикасы қалай дамып жатқандығын, жеке интеллектуалды қабілетін байқауға болады. Қасықты, қарындашты ұстау алмайтын, түймесін түймелей алмайтын және бөтенке бауын байлай алмайтын балалардың қолының кіші моторикасы нашар дамыған болып есептеледі. Олар шашылған конструкторларды жинау, пазаламен жұмыс жасау, есептегіш таяқша және мозаикамен ойнау өте қиын. Олар басқа балалармен ойнаудан бас тартпады, осы қызметтегі жұмыс жасағанда үлгермейді. Мұндай балалар элементарлы қызметтің өзінде өздерін нашар сезінеді және бұл жағдай баланың эмоциясын мен өзін – өзі бағалауға кері әсерін тигізеді.

Өрине, мектепке дейінгі жасында бала тілінің дамуы, өзіне –өзі қызмет көрсету және жазуға дайындық дағдысын қалыптастыруда ұсақ қол моторикасын дамыту және үйлестіру жұмыстарын жүргізудің маңызы өте зор. Бала өз саусақтарын қаншалықты басқара алса, оның одан әрі дамуы да соған тікелей байланысты. Ұсақ қол моторикамен қоса балалардың есте сақтау қабілеті мен назары, сондай –ақ, сөздік қоры да дами түседі.

Осыларды ескере отырып, өз жұмысымызның мақсатын анықтадық: мектеп жасына дейінгі балаларды түрлі қызметтер арқылы ұсақ қол моториканы дамыту және қол қызметін үйлестіру.

Өз жұмысыма төмендегідей міндеттер қойдым:

- 👉 қол және көз, қолдың ептілігі, ритмикасы қозғалысын үйлестіру және нақтылығын жақсарту;
- 👉 саусақтар мен қол буынының ұсақ қол моторикасын жақсарту;

- ✦ жалпы қозғалыстық белсенділікті арттыру;
- ✦ сөйлеу функциясын тұрақты етуге көмектесу;
- ✦ қиялын, логикалық ойлауын, еркін назарын, көру және есту қабылдауларын, шығармашылық белсенділіктерін дамыту;
- ✦ өз құрбылары және үлкендермен қарым – қатынаста эмоционалды – қолайлы жағдай жасау;

Көзделген нәтижеге қол жеткізу үшін келесідей жұмыс түрлерін тұрақты түрде пайдаландық:

- ✦ тәлімгердің балалармен бірлескен қызметі;
 - ✦ балалармен жеке-кей жұмыстар;
 - ✦ балалардың өздерінің еркін өзіндік қызметтері.
- Ұсақ қол моторикасын дамыту және қозғалысын үйлестіру мақсатында түрлі қабылдаулар мен әдіс – тәсілдер қолдандық:
- ✦ саусақтық ойын тренингісі
 - ✦ қол мойнына массаж
 - ✦ саусақ гимнастикасы, сергіту сәттері
 - ✦ саусақ ойынды тақпақтар мен жаңылтпаштар
 - ✦ саусақтық театр
 - ✦ ермексаз және тұздалған ұннан, табиғи материалдардан жапсыру жұмыстарын мүсіндеу (тұқым, жарма, ұлу қабыршықтары және т.б.)
 - ✦ сызудың дәстүрлі емес техникасы: қылқалам, саусақ, тіс щеткасы және май шам және т.б.
 - ✦ құрылыс жасау: қағаздан, ЛЕГО конструкторымен
 - ✦ бастырмаалардың түлері
 - ✦ графикалық моториканы дамыту
 - ✦ трафаретпен сурет салу
 - ✦ түр сызықпен түрлеу
 - ✦ суретті аяқтау (симметрия принципі бойынша)
 - ✦ лабиринттер
 - ✦ дидактикалық ойындар
 - ✦ М. Монтессори әдісі
 - ✦ Кіші заттармен ойнау
 - ✦ пазл, мозаика қолдану

Ұсақ қол моторикасы термині саусақтар қозғалысы және қолдың бұйындарын үйлестіру дегенді білдіреді. Ұсақ моториканы дамытудың маңыздылығы неде? Адамның бас миында саусақ қимылына және сөйлеуге жауап беретін орталықтар өте жақын орналасқан. Ұсақ моторикаға әсер ете және оны белсендіре отырып, көрші орналасқан сөйлеуге жауап беретін орталықты да дамыта аламыз. Педагогтар мен балалар психологының мақсаты- ата – аналарға ұсақ моториканы дамыту ойындарының маңыздылығын ұғындыру. Баланы қызықтыруда және жаңа хабарларды игеруіне көмектесуде үйретуді ойынмен алмастыру, алға қойған мақсатына жетуі, тапсырманы орындауда қиындыққа кездесе мойымауына үйрете отырып, аз мөлшердегі жетістіктерін де бағалап, мадақтап қоюды да ұмытпауы керек. Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың

икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. Осыдан келіп қол қимылдарын басқара білу туады. Сондықтан ешқашан да баланы мәжбүрлеуге болмайды.

Кішкентай ғана сәбидің қалайтыны қозғалу, қозғалыс- әлемді танудың мүмкіндігі. Яғни, бала қозғалысы дәл және нақты болса, оның әлемді ақылмен тануы да терең бола түспек. Қолдан ұсақ-түйек заттарды жасау - балалардың ең жақсы көретін шығармашылық жұмыстары. Мұндай жұмыс балалардың қиялдарын, ойлары мен бармақтарының ұсақ моторикасын дамытады. Ұсақ қол моториканы дамыту әдістемесі мұндай жағдайда өте тиімді. Жасжарымдағы баламен саусақ ойындарын бастауға болады.

Бас миы мен ұсақ қол моторикасының өзара байланысы бас миының қабығы арқайсысы бір денеге жауапты бірнеше бөліктен тұрады. Бас миының қабығында қозғалыстық сипатты анықтайтын бөлік бар. Бас миы қабығының үштен бір бөлігі қол мойнының қозғалыстық қабілетімен байланысты және мидың сөйлеу зонасы бір – біріне өте жақын орналасқан. Сондықтан егер баланың саусағы нашар дамыған болса, ол баланың сөйлеу қабілетіне әсер етеді. Осыған байланысты ғалымдар қол мойнының буынын артикуляциялық аппарат сияқты «сөйлеу органы» деп те атайды. Бала тілін дамыту үшін сөйлеу органы ғана емес сондай –ақ, ұсақ қол моторикасын да дамыту қажет.

Сухомлинский айтқандай: «Қабілет бастауы мен балалар дарыны – саусақ ұштарында. Содан шығармашылық ойдың бастаулары пайда болады. Бала қолының қозғалысында еңбек құралына деген сенімділік пен тапқырлық орын алса, қиындық туындайды, ол үшін бала ойының шығармашылық анықтық қабілетінің өзара әрекеттестігі қажет. Балада қаншалықты шығармашылық қабілет болса, бала соншалықты ақылды келеді».

Көптеген жаңашыл зерттеушілер ұсақ моториканы дамытуға байланысты саусақ моторикасын дамытуға саусақ ойындарын, саусақ ойындарын сипаттауды, сергіту сәттерін, ойын –ертелер пайдалануды ұсынады Т. А. Ткаченко сергіту сәтіне жаттығу енгізу бас миының сөйлеу зонасының қимылын белсендіреді, ол баланың сөйлеу тілін түзетуге мүмкіндік береді деп тұжырым жасаған. В. В. Цвынтарный ұсақ қол моторикасын дамытуға есептеу таяқшалар мен сірікпен жұмыстар жасатудың әсері мол деген көзқарас білдіреді.

Жеке жұмыс тәжірибесін сипаттау

Жұмысқа кіріспес бұрын қалай жұмыс жасау керек, қандай материалдар қолданамын деген мақсатта нақты жоспар құрдым. Жұмысымның негізіне ойындар енгіздім. Қозғалысты ойын - балалар үшін дүниені танудың бір тәсілі. Балалар ойынының қозғалысы қаншалықты анық болса, бала дүниемен соншалықты терең таныса алады. Алдымен мектепке дейінгі ортаңғы топ балаларының (4-5 жасар) саусақтары мен қол ептілігін анықтайтын диагностика жасадым.

Диагностика жасау барысында балаларға үш түрлі жаттығу ұсындым:

- ✦ доппен ойнау (допты лақтыру және оны ұстап қолмен алу, ұстаған допты бір қолмен еденге ұрып алып жүру, жоғары лақтырып, оны қағып алу)
- ✦ қарындашпен ойнау (затты айналдырып сызу және оны сызыққа тастау)

✚ саусақпен жеке кимыл жасау.



Өзіме мынадай міндеттер қойдым: саусақ қозғалысын жақсарту, өзіне –өзі қызмет көрсету дағдысын қалыптастыру бойынша жаттығулар жасау, баланың жалпы қозғалыстық белсенділігін арттыру. Қойылған міндеттерді орындау үшін жұмыстың түрлі нысандарын пайдаландым. Тәлімгер мен балалардың бірлескен қызметіне баланың логикасын және басқа да қабілеттерін дамытатын жаттығуларды қатаң және жүйелі түрде жүзеге асыратын мақсат қойдым.

Балалардың әлеуметтік дағдысын, қызметтің түрлі нысандарын меңгеруді дамыту бойынша жеке жұмысты ұйымдастыруға да міндет қойдым. Балаларды жеке тұлға ретінде құрметтейтін бала мен үлкендер қарым – қатынасын негізге алған микроклимат жасалды.


Балалардың еркін өзіндік қызметі баланың жеке қабілеті мен мүддесіне сай таңдалған жаттығулар баланың өз бетімен дамуына септігін тигізді. Жұмысымының негізгі әдісіне саусақ ойыны әдісін қолдандым. Бірлескен және жеке жұмыста саусақ жаттығуын массааж (саусақтың басынан қол буынына дейін сипау) және жаттығу (әр саусақты жеке –жеке бұту және бүктеу) түрінде жүзеге асырдым. Массааж - пассивті гимнастиканың бір түрі болып табылады. Массааж - бұлшық ет жүйесінің тонусын, бұлшық ет икемділігі мен әрекет жасау қабілетін арттыруға көмектеседі. Сондай –ақ, балаларға табиғи материалдармен массааж жасау ұсынылды (шырша бұршігі, жанғақ, доптар т.б. Осындай жаттығу нәтижесінде баланың қызығушылығы артты, саусақ гимнастикасы тактиак оқумен жалғастырылды. Тактиакты тыңдаған балалар саусақ қозғалысының көмегімен тыңдалған тактиактар мен мазмұнын және бейнелер арқылы сахналады. Сюжетті материал ретінде тактиактар пайдаландым. Жаттығуға ұласқан тактиак – сезім ритмін қалыптастыратын және жетілдіретін негіз болып табылады, қолайлы эмоционалды жағдай пайда болады, соның арқасында бала ойынмен айналысады, орындайтын қозғалысты қызғушылықпен орындайды, ал

бұл саусақ қозғалысын жақсарттады. Тактиакты бейнелеу, тыңдау және түсіну дағдысын дамытады. Ұсақ қол саусақтарын дамытуға арналған картотекса құрастырдым: «Саусақтық жаттығулар», «Жолшықпен жүру», «Физминуткалар». Бірлескен және өзіндік әрекет кезінде саусақ театр қозғалыстарын қолдандым. Ол балаға бір мезетте сценарист, режиссер-постановщик болуға мүмкіндік береді. Театрландырылған қойылым шығармашылық потенциалды ғана емес сөйлеуді және оған саусақ белсенділігін дамытуға көмектеседі. Саусақ театрының тағы бір жағымды жағы – бала ойын нысанында кеңістік және санау түсінігіне үйренеді. Саусақ театрына арнап ертегілер кейіпкерлері бойынша қуыршақтар әзірледім: «Қоян мен түлкі», «Бауырсақ» және т.б.

Жапсыру ісімен айналысу қол мойнының буыны және ұсақ әрі жалпы қол моторикасын дамытуда маңызды зор. Жапсыру ісімен айналысу баланың сенсорлы және кеңістікті сезіну, қабылдауын дамытуға қажетті. Өз жұмысымда жапсыру ісімен айналысуда ермексаз, тұздалған ұн, тұқымнан және ұлу қабыршығынан жасалған оюларды жиі қолданамын. Бұл еңбекті көп қажет ететін, қызықты жұмыс болғандықтан баланың назарын, көз бен қолдың өзара қозғалыс үйлесімділігін, анықтылығын және келісілген сенсомоториканы дамытады. Қағаздан бұйымдар жасау - қол мойын буынының кіші бұлшық етін дамытуға әсер етеді. Мұндай жұмыстар баланы қызықтырады, қиялдарының дамуына, сындарлы ойлауына септігін тигізеді. Қағазбен жұмыстың бірі ретінде жыртылған қағаздар қолданылды. Қағазды ұсақтап жыртыу саусақ күші мен ұсақ қимылын басқару дағдысын дамыту жаттығу болып та есептеледі.

Сондай –ақ, балаларды ойындар мен инсценировкада қолданған қағаздан ұсақ-түйектерді жасауға үйреттім.

Бірлескен қызметке сурет салудың көптеген дәстүрлі емес түрлерін пайдаландым: тампондау, қылқалам, май шам, тіс щеткасы көмегімен қолдан жасалған мөр және т.б. Сурет салу кезінде балалардың жалпы елестері, шығармашылығы дами түседі, ақиқатқа деген эмоционалды қатынастары тереңдейді, графикалық дағдылары қалыптасады.



КОРЫТЫНДЫ

Әрбір жаттығу жоғары эмоционалды жайлылық жағдайында балалардың сөйлеу әрекетін сәтті дамытатын өнімді сөйлеу тренингі болып табылады. Сабақтар өмірдің үшінші жылындағы балалармен өткізіледі. Сабақтың мақсаты: сөйлеу тілі бұзылған балалардың ұсақ және жалпы моторикасын дамыту. Әртүрлі текстераның материалдары және әртүрлі техникалар қолданылады. Балалармен жұмыс жүйелі түрде, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып және сабаққа деген қызығушылықты үнемі сақтай отырып жүргізілсе ғана нәтижелі болады. Мұғалімге ыңғайлы болу үшін жаттығулар күнтізбелік апталық жоспар түрінде берілген. Сабақтар әртүрлі лексикалық тақырыптардың материалдары бойынша өткізілетін әртүрлі ойын жаттығуларын қамтиды. Жұмыстың формасы әртүрлі болуы мүмкін: балалардың тұтас тобымен, шағын топшалармен (3-4 бала) және әр баламен жеке. Әрбір лексикалық тақырыпты игеру барысында дефектолог мұғалім мен тәрбиешінің жұмысының өзара байланысы қамтамасыз етілсе, жақсы нәтижеге қол жеткізілетінін тәжірибе көрсетіп отыр. Бұл әдістемелік құрал кішкентай балалардың ұсақ және жалпы моторикасын, сонымен қатар сөйлеуін дамытуға, олардың ой-өрісін кеңейтуге көмектеседі. Осылайша, жұмыс нәтижесі тиімді болуы үшін саусақтың нәзік қозғалысын қалыптасуы бойынша түрлі - әдіс - тәсілдер мен қабылдаулар міндетті түрде пайдаланылуы қажет. Жұмысымының нәтижесі ретінде түрлі жұмыстар атқару барысында балалар қызығушылығының артқанын байқадым. Көрнекті ғалым - Мария Монтессори: «Жұмыс жасамас бұрын баланы үйретудің амалын табу, қайталама жаттығулар арқылы қозғалыстар дайындау қажет деп айтқан. Бала затты алғанда жаман қылық жасағанын байқаса, өзін жеке қателік жасадым деген сезімге бой алдырады, сонымен қоса баланың алғашқы әсері немесе ойы - өте анық және күшті» екенін естен шығармау керек деп жазған болатын. Міне, сондықтан да шығармашылық процесстен, өзі жасаған істен, әр жұмысты немесе әр қимылды жоғары қызығушылықпен жасауға үйретемін. Бұдан әрі де түрлі қызметке деген қызығушылықты қалыптастыратын ұсақ қол және жалпы моториканы дамытуға септігін тигізетін жаңа әдістемелік қабылдаулар іздестіру жұмысын жалғастырамын.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Саусак кадамдары. Ұсақ моториканы дамытуға арналған жаттығулар Е.Ю.Тимофеева, Е.И.Чернова
2. Ахметова Р.М. Бала тілін дамытуға ойын технологиясын пайдаланудың теориялық негіздері. Отбасы және балабақша - №1 – 2012ж-(5 бет)
- 3.Белая, А.Е., Мирясова, В.И. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамытуға арналған саусак ойындары [мәтін]: ата-аналар мен мұғалімдерге арналған нұсқаулық / А. Е. Белая, В. И. Мирясова. - М.: ООО АСТ баспасы, 2000. -48 ж.
- 4.Крупенчук, О.И. Маған дұрыс сөйледі үйрет! [мәтін]: балалар мен ата-аналарға арналған логопедиялық нұсқаулық / О.И.Крупенчук. - Санкт-Петербург: «Литера» баспасы, 2005. -208б.
- 5.О.А.Зажыгина Стандартты емес Detstvo-Press жабылғын пайдаланып қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған ойындар
6. Қордабаева А. Ойындардың тиімділігі // Ұлағат. - №7. – 2005ж –(3 бет)
7. «Отбасы және балабақша» 2010 ж. №5 (12 бет)
8. «Дошкольное воспитание» 2003 ж. №1 (50 бет)
9. «Отбасы және балабақша» 2000 ж. №5 (15 бет)

Мұқашева Г.Н., Асан А.А.

**ҰСАҚ МОТОРИКАНЫ ДАМУЫҒА АРҚЫЛЫ
СӨЙЛЕУ ТІЛІН ЖЕТІЛДІРУ**
(әдістемелік құрал)

«ERLEU» БАҰО» АҚ ФИЛИАЛЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША КӘСІБИ ДАМУ ИНСТИТУТЫ
«MENTOR» ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ